ӨМІР - ӨЗЕН

ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ТҰЛҒАСЫ ЕДІ

Еліне, туған жеріне адал қызмет етіп, ерен еңбегімен, зияткерлігімен халықтың ерекше құрметіне бөленген ағаларымыздың бірі Ақсуат ауданының Құрметті азаматы Мақан Көшкінбайұлы Айтжанов еді. Қатыгез тағдырдың жазуымен ажал шіркін ол кісіні арамыздан ерте алып кетті.

Кезінде Шұбартау, Ақсуат аудандарында жемісті еңбек еткен жерлесіміз Мақан Айтжанов 1936 жылы Ақсуат ауылында дүниеге келген. Ақсуат орта мектебінде оқыды. Еңбек жолын аудандық халық сотының сот орындаушысы болып бастады. Кейін аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 1963 жылы Ақсуат ауданы Көкпекті ауданына қосылғанда, аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметіне орналасты. 1965 жылы Ақсуат аудан болып қайтадан бөлінгенде аупарткомның ұйымдастыру бөлімін басқарды. Амангелді атындағы совхоздың партия комитетінің хатшысы болып қызмет етті.

Мақан аға Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін, 1966 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірді. 1969 жылы Семей облыстық партия комитеті партиялық-ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметіне шақырылды. Одан кейінгі жылдарда ағамыз партия ұйымдарында басшылық қызметті абыроймен атқарды.

1972 жылы Мақан аға Ақсуат аудандық партия комитетінің идеологиялық жұмыстар жөніндегі хатшысы болды. Осы саладағы ұйымдастырушылық қабілеті, жемісті еңбегі лайықты бағаланып, 1975 жылы "Құрмет белгісі" орденімен марапатталды. 1977 жылы Шұбартау ауданында халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болған кездегі қызметі де ескерусіз қалмай, омырауына екінші мәрте "Құрмет белгісі" орденін тақты. Одан кейінгі жылдарда да асыл ағамыз бірнеше медальға ие болды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланды.

Өзінің кіндік қаны тамған Ақсуатқа 1985 жылы оралған Мақан аға 1995 жылға дейін халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық кеңес төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары болып қызмет істеп, республикалық дәрежеде зейнеткерлікке шықты.

«Мен отыз жылға тарта уақыт түрлі аудандарда басшылық қызметтерде жүріп, көптеген азаматтармен бірге жұмыс істедім. Солардың барлығы дерлік республика, облыс, аудандардың алдында тұрған міндеттерді шешуге лайықты үлес қосқан үлкен парасат иелері болды. Олардың ішінде Ә.Шоқбатаров, А.Мұхамбетов, Н.Қабышев, Н.Сембаев, Т.Серкешев, Қ.Тоқабаев, М.Унисьянов, Д.Сұлтанов, Б.Қаженов, М.Тәшенов, Б.Қажыбаева, Х.Матаев, Р.Мусин, Б.Сыдықов, Б.Сапоров, Н.Қонысбаевтардың есімдерін айрықша атар едім»,– деп замандастарының ел мүддесін бәрінен де биік қоятын іскерлік, адамгершілік, адалдық қасиеттерін өзгелерге үлгі етіп, үнемі айтып отырушы еді Мақан ағамыз.

Мақан ағаның еңбегі әр кез нәтижелі болды. Ол кісінің білгір басшы ретінде, сонымен қатар жаңашылдығы, ұйымдастырушылық қабілеті, болашақты болжай білетін көрегендігі айқын танылған тұсы облыс орталығынан шалғайдағы табиғаты қатал Шұбартау ауданында қызмет еткен жылдары еді. Ол кезде Шұбартау бүкіл Қазақстан бойынша экономикасы мен халқының мәдени-тұрмыстық жағдайы ауыр 30 ауданның бірі болған. Мақан Көшкінбайұлы ауданға барған бетте әріптестерімен, зиялы қауыммен, өмір көрген ел ағаларымен ақылдаса отырып, талай-талай игілікті істің ұйытқысы болды. Еңбекті ұйымдастыру мен орын алған проблемаларды ретке қою жолдарын бірлесе талқылап, ортақ мәмілеге келіп, табысқа жету жолдарын айқындай білді. Елді еңбекке ынталандыруы, әр істі жұртшылық пікірін ескере отырып, ақылмен шешуі тиісті нәтижелерін берді. Аз жыл ішінде шаруашылығы алға басып, экономикалық дамуы шарықтау шегіне көтерілген Шұбартау ауданы бірнеше жыл қатарынан Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. 1981 жылы өзі делегат болып қатысқан Қазақстан Компартиясының XV съезінде Мақан Көшкінбайұлы аудандардағы атқару комитеті төрағаларының арасынан дараланып шығып, Қазақстан Компартиясы орталық тексеру комиссиясының мүшелігіне сайланды.

Партия, кеңес органдарында отыз жылдан астам уақыт нәтижелі қызмет атқарған Мақан аға өмір заңдылықтарына деген өзіндік көзқарасы бар, тәжірибесі мол, озық ойлы азамат ретінде он жыл облыстың, жиырма бес жыл аудандық кеңестердің депутаты болып сайланды. Халық қалаулысы деген мәртебелі атаққа лайық болды. Сөйлесе сөзі мірдің оғындай, көңілге жылы тиетін жақсы лебізі де мол ағамыз көкейдегі ойын қағаз бетіне түсіріп, газет-журналдарға мақала жазуға да шебер еді. Ол кісінің баршаны толғандырған көкейтесті мәселелер жөнінде жазғандары, терең мағыналы мақалалары «Егемен Қазақстан», «Семей таңы», «Ертіс өңірі» газеттерінде жарияланып тұратын. «Тобықты Шыңғыстау» шежіресіне байланысты құнды пікір, пайымдаулары да баспасөзден лайықты орын алды.

- Ақсуат орта мектебін бітіргеніме бір жыл болған 1958 жылдың жазы еді. Аудандық халық сотының мәжіліс хатшылығына жұмысқа қабылданғанымда Мақан Айтжанов сот орындаушысы болып қызмет атқарады екен. Аққұба өңді, шашын шалқасынан қайыратын жиырмадан жаңа асқан ол кішіпейіл де ақжарқын мінезімен сол кездің өзінде өзгелерді өзіне тарта білетін,– деп еске алушы еді журналист, Ақсуат аудандық газеті редакторының орынбасары, кейіннен редакторы болған замандасы Абай Әукішев.

Саналы өмірінде үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, барша жанды бауырындай көріп, елге сыйлы болған ағамыз ғибратты ғұмырында Құдай қосқан қосағы, асыл жары, ҚР білім беру ісінің үздігі Мәкен жеңгемізбен береке-бірлігі жарасып, бақытты, өнегелі өмір сүрді, бес бала өсіріп, ержеткізіп, он шақты немере, одан көбірек шөбере сүйді.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп Абай атамыз айтқандай, Мақан ағамыздың артында өнегелі ісі, замандастарының есінде тағылымды сөзі қалды. Ел игілігі үшін ұрпаққа үлгі боларлықтай аянбай еңбек еткен Мақан ағамыз аудан тарихында өз есімін ойып қалдырған бірегей тұлға еді.

Хамза СӘТИЕВ,
журналист,
Ақсуат ауданы

8 778 929 14 53, 8 777 276 90 74

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Курчатов Водоканал» ШЖҚ МКК Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25-бабының 6-тармағына сәйкес бекітілген тарифтік сметаның бірінші жартыжылдық пен жыл қорытындысы бойынша орындалуы туралы жария есеп өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылғы 31 шілде, сағат 10:00.
Өткізу орны: Қалалық Достық үйі, Курчатов қаласы, Курчатов көшесі, 1.
Реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері:
сумен жабдықтау;
су бұру.
Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларды, мемлекеттік органдардың өкілдерін, қоғамдық бірлестіктерді, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін және барлық мүдделі тұлғаларды жария есепке қатысуға шақырамыз.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАП САҚТАЛУЫ ТИІС

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Жаңасемей ауданының Ертіс ауылдық округінде абаттандыру қағидалары мен санитарлық тазалық талаптарының сақталуын бақылауға бағытталған рейдтік іс-шара ұйымдастырылды.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tańy»

Іс-шараға жауапты мемлекеттік органдардың мамандары қатысып, елді мекен аумағындағы тазалық талаптарының орындалуына мониторинг жүргізді. Мониторинг барысында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабының талаптарын бұзған азаматтар анықталып, 10 әкімшілік хаттама рәсімделді. Бұл шаралардың негізгі мақсаты – тұрғындарды жауапкершілікке тарту ғана емес, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру және санитарлық талаптарды сақтаудың маңызын түсіндіру.

Жауапты мамандардың айтуынша, мұндай рейдтік іс-шаралар алдағы уақытта Жаңасемей ауданының өзге де ауылдық округтерінде кезең-кезеңімен өткізілетін болады. Бұл өз кезегінде елді мекендердің тазалығын сақтауға, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге және тұрғындардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Таза әрі көркі ауыл – оның тұрғындарының мәдениеті мен азаматтық ұстанымының айғағы. Сондықтан әрбір тұрғын өз үйінің ауласын, көшесін және қоғамдық орындарды таза ұстап, қоршаған ортаны қорғауға бейжай қарамауы тиіс.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы – бір реттік сенбілік емес, бұл - табиғатты аялауға, туған жердің тазалығын сақтауға үндейтін жалпыұлттық бастама. Ендеше, туған өлкеміздің көркеюіне бірге атсалысайық. Таза ауыл – жайлы өмірдің, дені сау қоғамның және жарқын болашақтың кепілі.

БЖЗҚ

БЖЗҚ салымшылардың (төлем алушылардың), сондай-ақ БЖЗҚ-да жинақтары бар қайтыс болған адамдар мұрагерлерінің зейнетақы төлемдерін алуға уақтылы өтініш беруі қажеттілігі туралы тұрақты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУҒА УАҚТЫЛЫ ӨТІНІШ БЕРУ ҚАЖЕТ

Жыл сайын БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірігіп БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары бар, бірақ олар бойынша зейнетақы төлемін алу үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген зейнет жасына толған тұлғалар бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде аталған адамдарға бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығына салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізеді. Бұл шара аталған азаматтардың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты, еңбек өтілі үшін берілетін зейнетақы төлемдерінің және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің бар-жоғын анықтау үшін жасалады.

Биылғы наурыз айынан бастап зейнеткерлік жасқа жеткен, БЖЗҚ-да ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен жинақтары бар, соның ішінде 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды алуға БЖЗҚ-ға өтініш жасамаған тұлғаларға ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін өтінішсіз (проактивті) тағайындау тәртібі енгізілді. Бұл тәртіп те «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен жыл сайын осындай салыстырып тексеруді көздейді.

Жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша БЖЗҚ Мемлекеттік корпорация арқылы алушыларға зейнетақы төлемдерін проактивті форматта жүзеге асырады. Яғни, мемлекеттік бюджеттен зейнетақы алатын зейнеткерлердің БЖЗҚ-да МЗЖ, МКЗЖ және ЕЗЖ есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары болса, олар БЖЗҚ-дан да төлемдерді автоматты түрде ала бастайды.

Статистика

2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша, жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен 279 041 адамның МЗЖ-ны есепке алуға арналған жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) талап етілмеген зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы шамамен 45 млрд теңгені құрайды. БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған мәліметтерге сәйкес, олардың ішінде:

- 155 217 адам қайтыс болған, олардың зейнетақы жинақтарын мұрагерлері талап ете алады;
- 61 459 адам заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға (ТТЖ) кетуді ресімдеген;
- 62 365 адам жасына байланысты зейнетақысын ресімдеу үшін Мемлекеттік корпорацияға (тұрғылықты жері бойынша ХҚКО) әлі жүгінбеген.

Зейнетақы төлемдерін қалай алуға болады?

Еске сала кетейік, зейнетақы жинақтары БЖЗҚ-дағы салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-сында есепке алынады, инвестициялануын жалғастыра береді және оларды алушылар немесе олардың мұрагерлері (алушы қайтыс болған жағдайда) талап етке дейін шотта сақталады.

Жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенде

Жасына байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгінуі қажет.

Бұл ретте егер алушының БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары болып, бірақ оларды алуға бұрын (50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты) өтініш бермеген болса, оған БЖЗҚ-дан ЕЗЖ есебінен де зейнетақы төлемдері бірге тағайындалады.

Тұрақты тұруға (ТТЖ) шетелге кеткенде

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ТТЖ-ға кетуіне байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын пайдалана алады.

Жинағы бар адам қайтыс болған жағдайда

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне БЖЗҚ қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының есебінен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш (АЕК) шегінде, бірақ қайтыс болған адамның ЖЗШ-сында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлемді жүзеге асырады.

Сондай-ақ, зейнетақы және нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Жинағы бар адам қайтыс болғаннан кейін 6 ай ішінде оның мұрагерлері қайтыс болған адамның жинақтары түріндегі мұрагерлік мүлікті рәсімдеу және мұраға құқық туралы куәлікті алу үшін нотариусқа жүгінуі тиіс. Егер өтініш беру мерзімін өткізіп алса, мұраға құқықты қалпына келтіру үшін сот органдарына жүгіну қажет.

Зейнетақы төлемдерінің түріне және өтініш беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізімі enpf.kz сайтының «Қызметтер – Зейнетақы төлемдері» бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗҚ» АҚ
баспасөз орталығы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Дерикар» ЖШС Абай облысы Абай ауданында ораналсқан «Тасболат» кен орнында құрылыс тасын өндіру тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 21.08.2026 жылы сағат 12:00-де Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Тоқтамыс көшесі, 28 мекенжайында өткізіледі (акт залы). Карантин немесе ТЖ болса, тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде жүргізіледі. Белсенді сілтеме https://https://us05web.zoom.us/j/5887898454?pwd=SThLWi9XdHcrWkowekE5RzdjVnNkdz09&omn=82275249171, Конференция идентификаторы: 588 789 8454, Кіру коды: g8gdzM

Кен орын координаттары 1. 48° 57’ 23,12»СЕ, 79° 08’ 16,84»ШБ, 2. 48° 57’ 28,38»СЕ, 79° 08’ 21,53»ШБ, 3. 48° 57’ 24,97»СЕ, 79° 08’ 29,82»ШБ, 4. 48° 57’ 19,37»СЕ, 79° 08’ 24,67»ШБ

Жобаға тапсырыс беруші – «Дерикар» ЖШС, Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Тоқтамыс көш. 28. БСН 941140001128, тел. 8 707 928 45 24, эл.пошта: derikar_2025@mail.ru

Жобаны әзірлеуші – «Маркшейдер KZ» ЖШС, БСН171140007948, ШҚО, Өскемен қаласы, Михаэлис көш. 24/1, т. 8 777 991 30 03. aitaber40@gmail.com

Әсер ету аумағы – Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы. Жоба материалдарымен ҚО ТРЖ ҰБД https://ndbecology.gov.kz/ және «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты тапсырыс берушінің мекенжайында алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар басталатын күнге дейін үш жұмыс күннен кешіктірілмей Абай облысының ТРжТПРБ uprirp.abay@akimatabai.gov.kz электрондық мекенжайы арқылы кабылданады.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

ABAI AIMAQ медиахолдингі
www.semeytany.kz
www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА
Бас редактордың орынбасары - Роза ПҰШПАҚОВА

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21,
Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.
Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;
редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;
факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155

Кезекші редактор Ай-Керім ЖАҚЫП